

«Киелімің, ардақтымсың, Астанам!»

### Кітап көрме-саяхат



Бұл көрме – Елорданың 20 жылдығына арналған іс-шара. Кітапхана қорында Астана жайлы 30 дан аса еңбек бар. Соның барлығы осы кітап көрмеге қойылған. Кітап көрмесі Елордамыздың 20 жыл ішінде даму жолдары мен тарихи кезеңдерін насихаттау арқылы Астананың абыройын асқақтатып, Астана қаласының тарихын білуге жетелеу.

Тақырыпқа сай безендірілген көрмеде Астананың бүгінгі күні барлық оң бастамалар мен өзгерістердің флагманы болып табылатын көрікті жерлері мен жетістіктері туралы мәліметтер бар кітаптар мен мерзімді басылымдар қойылды. Көрмені тамашалаған қонақтар қатарында Арқалық қаласының құрметті зейнеткері Өрекен Алмат: «Бұл көрме шынымен де жас ұрпақтың бойында кітапсүйгіштікке, әдебиетке деген қызығушылықты, Отанымызға деген патриоттық сезімді оятатын болады.